

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2007-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 ақпандағы N 108 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 шілдедегі № 747 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 747 Қаулысымен

"Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2007-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Жергілікті атқарушы органдардың басшылары бір ай мерзімде тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2007-2008 жылдарға арналған өңірлік іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары Жоспарда белгіленген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне жыл сайын 20 маусым мен 20 желтоқсаннан кешіктірмей Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын 30 маусым мен 30 желтоқсаннан кешіктірмей Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

бекітілген

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2007-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

P/c N	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар, (мың теңге)	Қаржыландыру кезі
1	2	3	4	5	6	7
Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету						
1	Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдардағы арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Мәдениет-мині	2008 жылғы 4 тоқсан	Талап етілмейді	
2	Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру тұжырымдамасының жобасын әзірлеуді ұйымдастыру	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Мәдениет-мині ЭБЖМ, Біліммині	2007 жылғы 3 тоқсан	Талап етілмейді	
3	Қазақ терминологиясын дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Мәдениет-мині, Біліммині, ЭБЖМ	2007 жылғы 1 шілдеге дейін	Талап етілмейді	
Мемлекеттік						

басқару, заңнама, сот ісін жүргізу, іс жүргізу саласында, Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдарында, халықаралық қызметте мемлекеттік тілді дамыту

4	Тілдер туралы заңнамаға толықтырулар мен өзгерістер енгізу жөнінде талдау жүргізу және ұсыныстар беру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Мәдениет-мині (жинақтау), Әділет-мині, Біліммині, Еңбекмині	2007 жылғы 3 тоқсан	Талап етілмейді	
5	Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тілдер туралы заңнамалардың сақтауын тексеру кестесін бекітуге ұсыну	Кесте	Мәдениет-мині	2007 жылғы 1 ақпанға дейін	Талап етілмейді	
6	Бекітілген кестеге сәйкес "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалуы жөнінде мемлекеттік мекемелерге тексеру жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет мині, Б а с прокуратура	кестеге сәйкес	Талап етілмейді	
7	Мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде мемлекеттік тілді білуге тест жүргізуді ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	М Қ А , Мәдениет-мині	2007 жылғы 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Талап етілмейді	
			Мәдениет мині (жинақтау), орталық атқарушы		Барлығы : 911175,	

8	Мемлекеттік қызметшілердің қазақ тілін оқытуды ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	оның ішінде: 2007 ж. - 563853; 2008 ж. - 347 322	Республикалық бюджет Жергілікті бюджет
9	Сот ісін жүргізуде, Қарулы Күштерде және құқық қорғау органдарында, халықаралық қызметте мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету	Мәдениет-миніне ақпарат	Ж С , Қорғаныс-мині, ИМ, СИМ	жыл сайын 2 0 маусым, 2 0 желтоқсан	Талап етілмейді	
Білім беру және тілдерді оқыту саласындағы тілдік дамыту						
10	Орта білім беретін мемлекеттік ұйымдардың кітапхана қорларын жаңарту үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуға және жеткізуге арналған нысаналы трансферттерді бөлуді қамтамасыз ету	Мәдениет-миніне ақпарат	Біліммині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007 жылғы 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	209 190	Республикалық бюджет
11	Орыс тілінде оқытатын білім беру ұйымдарында қазақ тілі бойынша білім деңгейін бағалау жүйесі негізінде оқыту әдістемесін әзірлеуді аяқтау	Мәдениет-миніне ақпарат	Біліммині	2007 жылғы 1 ақпанға дейін	Талап етілмейді	(алып тас-талды - 2008 жылғы 16 ақпандағы N 150 Қаулымен)
11-1	Жалпы білім беру мектептері үшін шетелдік ағылшын тілінің оқытушыларын тартуды қамтамасыз ету	МАМ-ға ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2008 жылғы 20 желтоқсан	2063360	Жергілікті бюджет

1 1 -2	Жалпы білім беретін мектептерде, орта арнайы және кәсіптік жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытудың сапасын арттыру	МАМ-ға ақпарат	БҒМ	2008 жылғы 20 маусым, 20 желтоқсан		Талап етілмейді
12	Жоғары оқу орындары үшін электронды мультимедиялық оқыту бағдарламаларын әзірлеуді жүзеге асыру	Мәдениет-миніне ақпарат	Біліммині	2007 жылғы 20 желтоқсан	28 622	Республикалық бюджет
13	Жоғары оқу орындары үшін қазақ тілі бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар әзірлеуді қамтамасыз ету	Мәдениет-миніне ақпарат	Біліммині	2007 жылғы 20 желтоқсан	1 028	Республикалық бюджет
14	Орыс тілі бойынша тест тапсырмаларын жасау, сараптау, байқаудан өткізу жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету	Мәдениет-миніне ақпарат	Біліммині	2007 жылғы 20 маусым	11 584	Республикалық бюджет
15	Этникалық топтардың тілдерін дамытуға мемлекеттік қолдау	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 1 тоқсан жыл сайын 30 маусым, 30 желтоқсан	Барлығы 24 538, оның ішінде: 2007 ж. 12 189 2008 ж. 12 349*	Республикалық бюджет
16	Республикалық ұлттық-мәдени бірлестіктердің жексенбілік мектептерінде мемлекеттік тілді оқыту курстарын ұйымдастыру	Бұйрық Қазақстан Республикасының	Мәдениет-мині	жыл сайын 1 тоқсан жыл сайын 30 маусым,	Барлығы 20 412, оның ішінде: 2007 ж. 9 909 2008 ж. 10 503*	Республикалық бюджет

		Үкіметіне ақпарат		3 0 желтоқсан		
17	Мемлекеттік тілді оқытудың жаңа, баламалы, неғұрлым жетілдірген, сапалы бағдарламаларын әзірлеуді және жасауды жүзеге асыратын мамандарды ынталандыру жөнінде іс-шаралар өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын 1 5 наурызға дейін	Барлығы: 8 281, оның ішінде: 2007 ж. 4 020 2008 ж. 4 261*	Р е с - публи-калық бюджет
18	Жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің диссертациялар қорғау жөнінде кеңестерінің іс жүргізуін мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіруді қамтамасыз ету	Мәдениет-миніне ақпарат	Біліммині	жыл сайын 2 0 маусым - 2 0 желтоқсан	Талап етіл - мейді	
1 8 -1	Білім және ғылым саласындағы терминологиялық жұмыстарды үйлестіру жөнінде жұмыс тобын құру	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	БҒМ	2008 жылғы І І І тоқсан	Талап етіл - мейді	
1 8 -2	Қазақ тілінің мұғалімдерін даярлауды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	БҒМ	2008 жылғы 20 маусым, 20 желтоқсан	97500	Р е с - публи-калық бюджет
1 8 -3	Үш тілде оқытатын мектептер үшін математикалық цикл пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдер даярлауды қамтамасыз ету	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	БҒМ	жыл сайын	Мемлекеттік білім беру тапсырысы шегінде	Р е с - публи-калық бюджет
Тілдік дамуды ғылыми қамтамасыз ету						

19	Қазақ тілін жеделдетіп оқыту жөнінде сөздіктер, оқулықтар, әдістемелік құралдары, терминологиялық, ономастикалық сөздіктер әзірлеу және шығару	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 92 378, оның ішінде: 2007 ж. 16 796 2008 ж. 75 582*	Республикалық бюджет
20	Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуға ықпал ететін "Балапан" көркем журналын шығаруды жалғастыру	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын 1 тоқсан жыл сайын 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 14 017, оның ішінде: 2007 ж. 6 805 2008 ж. 7 212*	Республикалық бюджет
21	"Республикалық мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығы" РМҚК арқылы мемлекеттік тілді орталықтандырылған түрде оқытуды ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	2007 жыл 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	98 468	Республикалық бюджет
22	Тілдерді дамыту проблемалары бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 6 985, оның ішінде: 2007 ж. 3 390 2008 ж. 3 595*	Республикалық бюджет
23	Тілдерді дамытудың өзекті проблемалары, тілдік орта құру, қазақ терминологиясын жасау, түркі жазбаларының мәселелері жөнінде республикалық (өңірлік), ғылыми-теориялық семинар-кеңестер, "дөңгелек үстелдер", конференциялар өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 41 793, оның ішінде: 2007 ж. 21 789 2008 ж. 20 004*	Республикалық бюджет
					Барлығы: 25 692,	

24	Мемлекеттік тілді білуге арналған республикалық конкурстар өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	оның ішінде: 2007 ж. 8 784 2008 ж. 16 908*	Р е с - публи- калық бюджет
25	Славян жазбаларының күндерін өткізу	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	ж ы л сайын, сәуір жыл сайын, 3 0 маусым- 3 0 желтоқсан	Барлығы" 3 710, оның ішінде: 2007 ж. 1 801 2008 ж. 1 909*	Р е с - публи- калық бюджет
26	Әр түрлі сөздіктерді бейімдеу, қайта өңдеу, баспаға дайындау ж ә н е шығару	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 711758, оның ішінде: 2007 ж. 392 258 2008 ж. 319500*	Р е с - публи- калық бюджет
27	Мемлекеттік терминология комиссиясының жанынан ізгілік, білім беру, экономикалық-қаржылық, техникалық және басқа да бағыттар бойынша салалық терминологиялық секцияларын құру және оларды ретке келтіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 45 402, оның ішінде: 2007 ж. 22 040 2008 ж. 23 362*	Р е с - публи- калық бюджет
28	Қазақстан Республикасы өңірлерінің ономастикалық атауларын мемлекеттік тілге аудару жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет мині	жыл сайын, 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 44 369, оның ішінде: 2007 ж. 26 880 2008 ж. 17 489*	Р е с - публи- калық бюджет
29	Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология және	Қазақстан Республикасы	Мәдениет-мині	тоқсан сайын	Барлығы: 8 945, оның ішінде: 2007 ж.	Р е с - публи-

	ономастика комиссияларының жұмысын қамтамасыз ету	Үкіметіне ақпарат			6 644 2008 ж. 2 301*	калық бюджет
30	Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология және ономастика комиссияларының бюллетеньдерін шығару	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 6 674, оның ішінде: 2007 ж. 3 240 2008 ж. 3 434*	Республикалық бюджет
31	Облыстар бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктердің және физикалық-географиялық атаулардың мемлекеттік тілдегі әліпбилік көрсеткіштерін құрастыру және шығару жөнінде ұсыныс енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс Мәдениет-миніне ақпарат	ЖРА	2007 жыл, 1 тоқсан 2007 жылғы 2 0 маусым	Талап етілмейді	
32	Мемлекеттік тілде топографиялық карталарды құрастыру , дайындау және оларды шығару	Мәдениет-миніне ақпарат	ЖРА	жыл сайын, 2 0 маусым, 2 0 желтоқсан	Барлығы: 509371, оның ішінде: 2007 ж. 271 875 2008 ж. 237496	Республикалық бюджет
33	Тілдерді дамыту, терминология және ономастика мәселелері бойынша тұрақты жұмыс істейтін сараптамалық топтың отырыстарын өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 2 603, оның ішінде: 2007 ж. 1 907 2008 ж. 696*	Республикалық бюджет
34	"Тіл және қоғам" альманағын шығаруды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 9 827, оның ішінде: 2007 ж. 4 770 2008 ж. 5 057*	Республикалық бюджет

35	Мемлекеттік қызметшілер үшін тестілеу әдістемесін жасау	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет министрі (жинақтау), Біліммині, МҚА	2007 жылғы 20 маусым, 20 желтоқсан	4 438	Республикалық бюджет
36	Түркияда, Өзбекстан, Әзірбайжанда, Түркіменстанда және басқа да елдерде л а т ы н әліпбиіне көшу тәжірибесін зерделей отырып, ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Біліммині, СІМ, Мәдениет-министрі	2007 жылғы 15 наурызға дейін	23 126	Республикалық бюджет
Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары саласында, сондай-ақ денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету саласында тілдік даму						
37	Қазақстан халықтары тілдердің республикалық фестивалін өткізу	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-министрі (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын, 2 тоқсан жыл сайын, 30 желтоқсан	Барлығы: 12 273, оның ішінде: 2007 ж. 6 049 2008 ж. 6 224*	Республикалық бюджет
	Оралхан Бөкей, Мұқағали Мақатаев атындағы көркем	Бұйрық	Мәдениет-министрі (жинақтау),		Барлығы: 11 948,	

38	сөз оқу шеберлерінің, әр алуан ұлт өкілдері арасында Абай поэзиясы білгірлерінің республикалық конкурстарын өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын, 1 тоқсан жыл сайын, 3 0 желтоқсан	оның ішінде: 2007 ж. 5 800 2008 ж. 6 148*	Республикалық бюджет
39	"Қазақ тілін үйренеміз" айдарымен оқыту сипатындағы теле-, және радиохабарларды және жастар мен балалардың қазақ тіліндегі түпнұсқалық бағдарламаларын дайындауды және эфирге шығаруды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 30 маусым, 3 0 желтоқсан	Барлығы: 95 159, оның ішінде: 2007 ж. 46 194 2008 ж. 48 965*	Республикалық бюджет
39-1	Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін басып шығаруды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	2008 жылғы 20 маусым, 20 желтоқсан	647 300	Республикалық бюджет
40	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік тіл саясатын насихаттауды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 30 маусым, 30 желтоқсан	Барлығы: 346834, оның ішінде: 2007 ж. 192 499 2008 ж. 154335*	Республикалық бюджет
41	Қазақстан халықтарының тілдерінде теле-радио-хабарларды дайындауды және эфирге шығаруды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 30 маусым, 30 желтоқсан	Барлығы: 47 031, оның ішінде: 2007 ж. 22 831 2008 ж. 24 200*	Республикалық бюджет
42	"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясаты" атты жарнамалық-имидждік	Бұйрық		жыл сайын, 1 тоқсан	Барлығы: 6 390, оның ішінде:	

	(әлеуметтік) роликтерді шығаруды және жалға беруді қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 3 0 желтоқсан	2007 ж. 3 100 2008 ж. 3 290*	Республикалық бюджет
43	Көлік және байланыс, сауда, денсаулық сақтау және тұрмыстық қызмет көрсету, халықты әлеуметтік қорғау, анықтамалық-ақпараттық қызмет салаларында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині (жинақтау), орталық атқарушы органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын, 3 0 маусым, 3 0 желтоқсан	Талап етілмейді	
44	Ұлттық-мәдени орталықтар жанындағы "Үздік жексенбілік мектеп" атты республикалық конкурс ұйымдастыру	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	2007 жылғы 2 0 маусым, 2 0 желтоқсан	1 100	Республикалық бюджет
45	Мемлекеттік тілді дамыту жөнінде ақпараттық жүйелер құру	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Мәдениет-мині	жыл сайын, 1 тоқсан жыл сайын, 30 желтоқсан	Барлығы: 1 924 296, оның ішінде: 2007 ж. 948 440 2008 ж. 975856*	Республикалық бюджет
	Барлығы:				2007 жыл - 2 981 419 2008 жыл - 5 136 158*	

Е с к е р т п е :

* 2008 жылға арналған шығыстардың көлемі тиісті қаржы жылына арналған " Республикалық бюджет туралы: Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес анықталатын (нақтыланатын) болады

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

Мәдениетмині - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

Біліммині - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау
м и н и с т р л і г і

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ЖС - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

МҚА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі

Б а с

прокуратура - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

РМҚК - Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны